Нұрай-Ақжол РГ

Товарищество с ограниченной ответственностью
г Кызылорда. ул. С. Ескараева 9 «В»
БИН 070640006230. тел: 8 (7242) 304869
E-mail: too_nurai-akjol@mail.ru

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қызылорда қаласы. С. Ескараев көшесі 9 «В»
БИН 070640006230. тел: 8 (7242) 304869.
E-mail: too_nurai-akjol@mail.ru

Шығыс № 246
"03" 12 2024ж.

«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрілігінің Қазынашылық комитетінің Маңғыстау облысы бойынша қазынашылық департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 676 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын.

Осы қағиданың 253 тармағында әлеуетті өнім берушілер осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды электрондық депозитарийге **2024 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде енгізбеген** не уәкілетті органның ведомствосы осы Қағидалардың 96-тармағының 2) тармақшасында көзделген шешімді қабылдаған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің **электрондық депозитарийдегі** "Расталды" мәртебесіндегі жұмыс тәжірибесі **"Белсенді емес" мәртебесіне ауысады және әлеуетті өнім берушінің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды есептеу кезінде ескерілмейді** деп көрсетілген.

Осыған сәйкес, «Нұрай Ақжол РГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен, мемлекеттік сатып алудың веп порталы арқылы, электрондық депозитариге енгізу үшін № 3705752 санды өтініммен құжаттар топтамасы ұсынылған болатын.

Алайда, **Маңғыстау облысының қазынашылық департаменті**, ұсынылған құжаттарда, «Нұрай-Ақжол РГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен орындаған жұмыстар техникалдық жағынан күрделі емес объектісіне жатқызылуына байланысты деген негіздермен **өтінімді қанағаттандырудан бас тартқан.**

Жоғарыда аталған өтінімді қанағаттандырудан бас тартуға төмендегі негіздер бойынша келспейміз.

Атап айтқанда, Қызылорда облысы бойынша, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентіндегі жаңа ықшам аудан инфроқұрылымы жұмыс жобасының 16.08.2017 жылғы № 14-0168/17 санды сараптамасының 7.2 тармағында аталған жұмыс түрі II `(қалыпты) техникалық жағынан күрделі объектілерге жататындығы көрсетілген.

Сонымен қатар, «**Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығының** 7 тармағында **техникалық жағынан күрделі объектілерге** (кешендерге) осы **Қағидалардың 9-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген объектілерді қоспағанда**, жауапкершілігі бірінші (күшейтілген) және **екінші (қалыпты) деңгейге жататын барлық ғимараттар** мен құрылыстар жатады делінген.

Осы ретте, Қызылорда облысы бойынша, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентіндегі жаңа ықшам ауданға электр желілірен тарту жұмыстары, II `(қалыпты) техникалық жағынан күрделі объектілерге жататындығын назарыңызға саламыз.

Директор **Е. Оспанов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АСТАНА Қ. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ «Нұрай-Ақкол РГ» ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН ГОРОД АСТАНА

Орын: Ә. Назар
Тел:87058251988